«Бекітемін» ________

Балабақша меңгерушісі Еркусимова Л.Т
«01» 09 ________ 2023 жыл.

**«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасында**

**«Аталар мен әжелер тәрбиесі» мектебінің**

**2023-2024 оқу жылына**

**арналған іс-шаралар жоспары.**

| № | Жүргізілетін іс- шаралар | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1. | «Аталар мен әжелер» мектебінің ұйымдастыру отырысы.<br>Жоспар құру, талқылау, бекіту | 2023 ж қыркүйек | Балабақша әкімшілігі. |
| 2. | «Әжемнің ертегісі»<br>ертегі сахналау | қазан | ересек «Айгөлек» тобының тәрбиешілері |
| 3. | «Атамның ақ батасы»<br>бата жаттау, айту | қараша | ересек «Балақай» тобының тәрбиешілері |
| 4. | «Атамның асығы»<br>ұлттық ойыны | қараша | ортаңғы «Бөбек» тобының тәрбиешілері |
| 5. | «Әжемнің ыстық бауырсағы»<br>шебер-класс | желтоқсан | ересек «Айгөлек» тобының тәрбиешілері |
| 6. | «Дастархан ау, дастархан»<br>ұлттық тағамдар туралы әңгіме | қантар | ересек «Балақай» тобының тәрбиешілері |
| 7. | «Әжемнің ертегісі»<br>ертегі айту | ақпан | ортаңғы «Бөбек» тобының тәрбиешілері |
| 8. | «Құрақтар сыры»<br>шеберхана | наурыз | ересек «Айгөлек» тобының тәрбиешілері |
| 9. | «Әжемнің әңгімесі»<br>ұлттық дәстүрлер туралы әңгімелесу. | сәуір | ересек «Балақай» тобының тәрбиешілері |
| 10. | «Бабалар мұрасы»<br>әңгімелесу. | мамыр | ортаңғы «Бөбек» тобының тәрбиешілері |

«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасында
«Аталар мен әжелер» мектебі аясында 2023 – 2024 оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес қазан айында «Әжемнің ертегісі» ертегі сахналау іс-шарасы ұйымдастырылды.

Мақсаты: тәрбиеленушілерге **ертегі** әлемі, **ертегілердің** түрлері туралы түсінік беру. **Ертегілер** туралы түсініктерін кеңейту, **ертегі** тыңдауға, айта білуге үйрету. **Әженің ертегісі** арқылы **ертегіге** деген қызығушылықтарын, ой-қиялдарын дамыту.










Жауаптылар: Ересек «Айгөлек» тобының тәрбиешілері.

**Тақырыбы:«Атамның асығы»**

**Мақсаты:** Салт – дәстүр арқылы балалардың бойына мәдени, рухани және адамгершілік құндылықтарды дарыту. Халқымыздың ғасырдан - ғасырға жалғасып келе жатқан «Асық ату» ұлттық ойынын дәріптеу.Мергендікке, шапшаңдыққа, ептілікке, денесінің дұрыс қалыптасуына ықпал ететін ойын.




Ертеде қазақ  халқы асықты бала кезінде қолына алып,жас кезінен бастап ойнай бастайды.Тіпті сәби дүниеге келмей жатып,жас нәрестеге арнап асық жинайтындар да болған. Балалар атамыздың асықты қайдан, қалай алатыны, оны қалай бояйтыны туралы естіп, білді. Асықтарды атамыз құрып, балаларға үлгі ретінде қалай ату керек екенін көрсетті.





Атамыз сонымен қатар асықтың жерге түсуіне қарай төртке бөлініп, ойнағанда бөлігіне қарайтынын балаларға айтып берді. Алшы –асықтың иірілгенде табаны жерге тиіп, тұрық түсуі.Ойын кезінде оған аса мән беріледі.Ол — бірінші дәрежелі асық.Тәйке— асықтың иірілгенде табаны үстіне қарап,тұрық түсуі.Ол — екінші дәрежелі асық.Бүге ( Бүк ) -асықтың иірілгенде дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі. Ол үшінші дәрежелі мәнге ие.Шіге ( Шік ) — асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық түсуі.Ол төртінші дәрежелі мәнге ие.





Атамыз балалармен асық ойынын ойнап болған соң, жайылған дастарымыздан жеті наннан ауыс тиіп, ағарған ішті. Балаларға жеті нан мен бауырсақтын жасалу жолын айтып, балаларғада ауыстеттік. Атамыздың ақ батасын алып балалар бір қуанып қалды.





«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасында
«Аталар мен әжелер» мектебі аясында 2023 – 2024 оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес караша айында «Атамның ақ батасы» бата жаттау, айту, іс-шарасы ұйымдастырылды.

Мақсаты: Тәрбиеленушілердің бата жайлы алған білімдерін толықтыру. Тақырыпқа байланысты жүйелі түрде іздену, бата түрлерін ажырату, тың материалдар жинау арқылы балалардың ойын дамытып, белсенділігі мен қызығушылығын арттыру. Батаны өмірде қолдана білуге,бата беріп үйренуге баулу, имандылыққа, салт-дәстүрді дәріптеуге тәрбиелеу.









Жауаптылар: Ересек «Балақай» тобының тәрбиешілері.

«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасында

«Аталар мен әжелер тәрбиесі» мектебінің іске асыру жөніндегі іс - шаралар жылдық жоспарына сәйкес, 2023 – 2024 оқу жылының қараша айында ортаңғы «Бөбек» тобында «Ас батасы – игі дәстүр» атты аталармен танымдық кездесу ұйымдастырылды.

Шара мақсаты: қазақ халқының ежелден келе жатқан өзіндік орны бар салт – дәстүрлерінің бірі – бата берудің мақсаты мен мазмұны, сондай – ақ асқа берілетін батаның ерекше мәні туралы бүлдіршіндерге түсіндіру. Күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан бата берудің, алғыс айтудың жас ұрпақты кішілік пен кісілікке тәрбиелеудің әсері мол екені сөзсіз.









Жауыптылыр: Ортаңғы «Бөбек» тобы тәрбиешілері.

«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасында

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында 2023 – 2024 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес желтоқсан айының 12 күні ересек «Айгөлек» тобында «Әжемнің ыстық бауырсағы» тақырыбында әжелермен танымдық кездесу ұйымдастырылды.

Шара мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды бауырсақтың шығу тарихымен таныстыру, бауырсақтын түрлері мен дайындау жолдарын түсіндіру, «бауырсақ» сөзінің мағынасын ұғындыру. Балалардың бойында ұлттық нан тағамы - баурсақты қадірлеу сезімін қалыптастыру.







«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы

# «Әжемнің ыстық бауырсағы»



Өткізген: Абенова А.Р.
Боранбаева С.С.
Ересек «Айгөлек» тобының тәрбиешілері

2023 жыл

«Әжемнің ыстық бауырсағы»
(шебер - класс)

Мақсаты: бауырсақ — қазақтың ұлттық тағамы. Бауырсақ – бидай ұнын ашытып, әртүрлі үлгіде жасап, майға пісіреді. Қазақтың той, мереке дастарқанында міндетті түрде бауырсақ болуға тиісті. Ыстық бауырсаққа сары май жағып жесең, өте дәмді. Ыстық бауырсақ туралы білімдерін кеңейту.







Дәмді бауырсақ үшін керек заттар: сұйық май, 1 жұмыртқа, қаймақ, ұн, құрғақ ашытқы, жылы су, қант және тұз. Қаймақты ашыған айран немесе майонезбен алмастыруға болады.

**«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасында**

«Аталар мен әжелер мектебінің» іс –шаралар жоспарына сәйкес, 2024 жылды қантар айында ересек «Балақай» тобында **«Дастархан ау, дастархан»** атты әжелерме дастархан басындағы кездесу ұйымдастырылды..

Шара мақсаты: ұлттық тағамдар туралы әңгімелесу, халқымыздың "Дастарханы кең болсын, пыйғылың оған тең болсын" деген сөзінің мағынасын түсіндіру, аск берілетін бата да қазақтың байшүлен дастарқанынан туса керек. "Дастарқанда дән тұрса үйде мән тұрады, тірлік баянды болады" деп қазақ аналары үйінен дән үзгенді жек көред де, дастархан мәзірін дәнмен сәнге келтіреді. Келген қонақтың алдына дастарханд молынан жаяды. Оны бауырсақ, нан, құрт, ірімшік, сары май, қаймақ, қатық, қант, тәтт әр алуан жеміс-жидек тағамдармен толтырады, қонақтың көз жауын алардай етіп, рет ретімен тізеді, қою қаймақты шай құяды. Мұны қазақ кәдесінде "дастархан дәмі" де атайды.








Жауыптылар: Ересек «Балақай» тобының тәрбиешілері

«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасында

«Аталар мен әжелер мектебінің» іс - шаралар жоспарына сәйкес, 2023 – 2024 оқу жылының ақпан айының 29 күні ортаңғы «Бөбек» тобында «Әжемнің ертегісі» атты танымдық шара өтті.

Шара мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды ертегіні тыңдауға, мазмұнын айта білуге үйрету. Ертегі арқылы кітапқа деген қызығушылықтарын ояту, ой-қиялдарын, креативті ойлауын дамыту, өз қиялдары бойынша ертегіні құрастыруға ықпал ету.








«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасында

«Аталар мен әжелер мектебінің» іс - шаралар жоспарына сәйкес, 2023 – 2024 оқу жылының наурыз айының 04 күні ересек «Айгөлек» тобында «Құрақтар сыры» шеберханасы ұйымдастырылды.

Шара мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ халқының қолөнерімен таныстыру, құрақ құрау өнері туралы түсініктеме беру, құрақтардан жасалған бұйымдар туралы әңгімелесу. Балалардың эстетикалық талғамдарын дамыту, ұлттық өнер мен мәдениетке, салт-дәстүрге қызығушылықтарын ояту.







«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы

# «Бабалар мұрасы»
## (әңгімелесу)

Өткізген: Жантлеуова А.С
Смадиярова Н.Б
(Ортаңғы «Бөбек» тобының тәрбиешілері)

2023-2024 оқу жылы

**«Аталар мен әжелер» мектебінің жұмыс жоспарына сәйкес «Бабалар мұрасы» атты шара өткізілді. Шара барысында Раяна әжесі құрақ көрпенің түрлерімен таныстырды. Ұршықпен таныстырып жіпті иіріп балаларға көрсетті.**



